

**Қазақстан Республикасының Парламенті Шаруашылық басқармасының республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының жекелеген мәселелері**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 17 қаңтар N 33

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

**1 . М ы н а л а р :**

1) "Қазақстан Республикасы Парламентінің Өндірістік-пайдалану кәсіпорны шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорны" оны "Қазақстан Республикасының Парламенті Шаруашылық басқармасының Әкімшілік ғимараттар дирекциясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) етіп қайта құру жолымен;

2) "Қазақстан Республикасының Парламенті Шаруашылық басқармасының Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны" оны "Қазақстан Республикасының Парламенті Шаруашылық басқармасының Қызметтік тұрғын үйлерді пайдалану жөніндегі дирекциясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Дирекция) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

**2 . Қ ы з м е т і н і ң н е г і з г і м ә н і :**

1) Кәсіпорынның - Қазақстан Республикасының Парламенті Шаруашылық басқармасының қызметтік ғимараттарын пайдалануды жүзеге асыру және жабдықтау функцияларын орындау;

2) Дирекцияның - Қазақстан Республикасының Парламенті Шаруашылық басқармасының қызметтік тұрғын үйлерін пайдалануды жүзеге асыру және жабдықтау функцияларын орындау болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы (келісім бойынша) :

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне жаңадан құрылған ұйымдардың жарғыларын бекітуге ұсынсын және олардың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК